«Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (№2 Хаттама 10.03.2022 жылғы) БЕКІТІЛДІ

«Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ атқарушы органының мүшелеріне тәртіптік жаза қолдану тәртібі туралы
ЕРЕЖЕ

Қарағанды, 2022 ж.

1. Жалпы ережелер

1.1 «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ атқарушы органының мүшелеріне тәртіптік жаза қолдану тәртібі туралы осы ереже (бұдан әрі — Ереже) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі – Еңбек кодексі), «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ (бұдан әрі — Қоғам) Жарғысына , коммерциялық емес акционерлік қоғамның жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы Корпоративтік басқару кодексіне. сәйкес әзірленді.

1.2 Осы Ереже Қоғам Басқармасының мүшелеріне қатысты тәртіптік жаза қолдану тәртібін айқындайды.

1.3 Ережеде қолданылатын негізгі ұғымдар:

1) еңбек тәртібі – жұмыс беруші мен жұмыскерлердің Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерінде, сондай-ақ келісімдерде, еңбек, ұжымдық шарттарда, жұмыс берушінің актілерінде, Қоғам Жарғысында белгіленген міндеттемелерді тиісінше орындауы;

2) тәртіптік теріс қылық – Басқарма мүшесінің өз еңбек міндеттерін құқыққа қарсы, кінәлілікпен орындамауы немесе тиісінше орындамауы, сондай-ақ еңбек тәртібін бұзуы;

3) тәртіптік жаза – тәртіптік теріс қылық жасағаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда Басқарма мүшесіне қолданылатын тәртіптік ықпал ету шарасы;

4) атқарушы органы - Қоғамның Басқарма;

5) атқарушы органның басшысы - Қоғамның Басқарма Төрағасы - Ректоры;

6) Басқарма мүшелері - Қоғамның атқарушы органының мүшелері;

7) лауазымды тұлға - Қоғам Басқармасының мүшесі.

2. Қоғамның Басқарма мүшелерінің жауапкершілігі

2.1 Қоғамның Басқарма мүшелері өздеріне жүктелген міндеттерді Қоғам мен Жалғыз акционердің мүдделерін негізді түрде мейлінше жоғары дәрежеде көрсететін әдістерді пайдалана отырып, адал, шынайы, әділ орындайды.

2.2 Қоғамның Басқарма мүшелері өздерінің іс-әрекеттерінен (әрекетсіздіктерінен) келтірілген зиян үшін Қоғамның, Жалғыз акционердің алдында Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қоғам Жарғысына және осы Ережеге сәйкес жауаптылықта болады.

2.3 Қоғамның Басқарма мүшелері атқарушы орган басшысының бұйрығымен бекітілген өздерінің қызметтік міндеттері мен лауазымдық өкілеттіктерін тиісінше орындамай, тәртіптік теріс қылықтар жасағаны үшін, Басқарам Төрағасы-Ректордың , сондай-ақ Директорлар кеңесінің және Жалғыз акционердің тапсырмаларын (шешімдерін) орындамағаны үшін тәртіптік жауапкершілікке тартылады.

2.4 Қоғамның Басқармасының мүшесі Қоғам басқармасының қабылдаған, Қоғамның шығынына әкеп соққан шешіміне ұарсы дауыс берген жағдайда,сондай-ақ егер дауыс беруге қатыспаған жағдайда жауапкершіліктен босатылады.

2.5 Қоғам Директорлар кеңесінің шешімі негізінде Басқарма мүшесіне лауазымды адамның әрекетімен (әрекетсіздігімен) келтірілген зиянды не залалдарды өтеу туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге құқылы.

3. Қоғамның Басқарма мүшелеріне қатысты тәртіптік жаза

3.1 Тәртіптік жаза Қоғамның Басқарма мүшелеріне тәртіптік теріс қылық жасағаны үшін, оның ішінде:

1) Қоғамның Жалғыз акционері мен Директорлар кеңесінің шешімдерін орындамағаны үшін;

2) Қоғамның Жалғыз акционері мен Директорлар кеңесінің шешімдеріне қайшы келмейтін атқарушы орган басшысының тапсырмаларын орындамағаны үшін;

3) Қоғам Жарғысының, ішкі нормативтік құжаттарының және еңбек шартының ережелерін орындамағаны үшін;

4) Қоғамның шарттық міндеттемелерін, сондай-ақ шығындарға әкеп соққан еңбек міндеттемелері мен өкілеттіктерін орындауын қамтамасыз етпегені үшін;

5) Басқарма мүшесінің іс-әрекеті (әрекетсіздігі) салдарынан жоспарлы көрсеткіштермен салыстырғанда Қоғамның қаржы-экономикалық көрсеткіштерінің төмендегені үшін;

6) Қоғамның мүлкін Қоғам Жарғысына, Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің шешіміне қайшы келетін жеке мақсатта және өзінің үлестес тұлғаларымен мәмілелер жасау кезінде теріс пайдаланғаны үшін;

7) сыбайлас жемқорлық сипатындағы тәуекелдерді болдырмау жөнінде шаралар қабылдамағаны үшін;

8) атқарушы органның шешімдер қабылдаудағы әрекетсіздігі үшін;

9) өзге де тәртіптік теріс қылықтары үшін қолданылады.

3.2 Тәртіптік теріс қылық жасағаны үшін тәртіптік жазалардың мынадай түрлері қолданылады:

1) ескерту;

2) сөгіс;

3) қатаң сөгіс;

4) Еңбек Кодексінде көзделген негіздер бойынша еңбек шартын бұзу.

3.3 Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінде және өзге де заңнамалық актілерінде көзделмеген тәртіптік жазаларды қолдануға жол берілмейді.

3.4 Тәртіптік жазаның түрін айқындау кезінде жасалған тәртіптік теріс қылықтың мазмұны, сипаты мен ауырлығы, оны жасау мән-жайлары, Қоғамның Басқарма мүшелерінің алдыңғы және кейінгі мінез-құлқы, олардың еңбекке және өзінің өкілеттіктеріне қатынасы, сондай-ақ Қоғамның Басқарма мүшелерінің сіңірген еңбектерімен көтермелеулері ескеріледі.

4. Тәртіптік жазаны қолдану тәртібі

4.1 Басқарма мүшелеріне қатысты тәртіптік жаза қолдану шешімді Қоғамның директорлар Кеңесі ҚР еңбек заңнамасымен регламенттелген тәртіптік жаза қолдану тәртібіне сәйкес қабылдайды.

Жалғыз акционер тағайындайтын/сайлайтын Басқарма мүшелеріне қатысты тәртіптік жаза қолдану туралы шешімді Жалғыз акционер қабылдайды. Директорлар кеңесі Жалғыз акционерге осы мәселені қарау жөнінде өтінішхат жіберуге құқылы.

Тәртіптік жаза қолдану туралы шешімде тәртіптік жазаның түрі көрсетіледі. Директорлар кеңесі осы Ереженің 3.2-тармағының 1) - 3) тармақшаларында көзделген тәртіптік жаза түрлерінің бірін қолданған кезде Басқарма мүшесіне тәртіптік жаза қолдану туралы бұйрыққа Директорлар кеңесінің шешімі негізінде Қоғамның Басқарма Төрағасы-Ректоры қол қояды.

4.2 Еңбек шартын бұзуды қоспағанда, Басқарма мүшесіне қатысты тәртіптік жаза қолдану туралы шешім:

1) еңбекке уақытша қабілетсіздік;

2) мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерді орындау үшін жұмыстан босатылу;

3) демалыста болу;

4) іссапарда болу кезінде шығарылмайды.

4.3 Басқарма мүшесіне тәртіптік жаза, осы Ереженің 4.2- тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда,тәртіптік теріс қылық анықталған күннен бастап екі айдан кешіктірілмей қолданылады.

Тәртіптік жазаны тәртіптік теріс қылық жасалған күннен бастап алты ай өткеннен кейін, ал Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметін тексеру нәтижелері бойынша тәртіптік теріс қылық анықталған жағдайларда лауазымды тұлға тәртіптік теріс қылық жасаған күннен бастап бір жыл өткеннен кейін қолдануға болмайды.

Тәртіптік жазаны қолдану мерзімінің өтуі еңбекке уақытша қабілетсіздігіне, демалыста, іссапарда болуына байланысты Басқарма мүшесінің жұмыста болмаған уақытында тоқтатыла тұрады.

4.4 Осы Ереженің 3.2-тармағының 4) тармақшасында көзделген жағдайды қоспағанда, тәртіптік жазаның қолданылу мерзімі оны қолданған күннен бастап алты айдан аспауы тиіс.

5. Қорытынды ережелер

5.1 Осы Ереже Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген сәттен бастап күшіне енеді.

5.2 Осы Ережемен реттелмеген мәселелер Қоғамның Директорлар кеңесінің жекелеген шешімдерімен шешілуі мүмкін.

Басқарма мүшесі,
стратегиялық даму жөніндегі проректор **Б.А. Жетписбаева**

Басқарма мүшесі,
ғылыми жұмыс жөніндегі проректор **Е.М. Тажбаев**

Академиялық мәселелер жөніндегі басқарма мүшесі-
проректор **Т.З. Жүсіпбек**

Басқарма мүшесі, әлеуметтік-мәдени даму
жөніндегі проректор **М.Ж. Сыздыков**